

**Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттер азаматтарының еркін жүріп-тұруы туралы келісімге қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 13 шілдедегі N 667 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттер азаматтарының еркін жүріп-тұруы туралы келісімнің жобасы **мақұлданды.**

2. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрі Владимир Сергеевич Школьникке қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттер азаматтарының еркін жүріп-тұруы туралы келісімге қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

*Жоба*

**Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттер азаматтарының еркін жүріп-тұруы туралы келісім**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі және Украина Министрлер **К а б и н е т і**,

2003 жылғы 19 қыркүйектегі Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімнің ережелерін басшылыққа ала отырып,

Тараптар мемлекеттері азаматтарының еркін жүріп-тұруы кедергілерін жою жолымен өз халықтарының біртұтастығын нығайтуға ұмтыла отырып,

Тараптар мемлекеттері мен олардың халықтарын байланыстыратын достық қарым-қатынастарды **растай** отырып,

халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормаларын негізге ала отырып, төмендегілер туралы келісті:

**1-тарау. Жалпы ережелер**

**1-бап**

Осы Келісімнің мақсаттары үшін онда пайдаланылатын терминдер мынадай **мағынаны** **білдіреді:**

заңнама - Тараптар мемлекеттері әрқайсысының заңдары және өзге де нормативтік

қ ұ қ ы қ т ы қ

а к т і л е р і ;

құзыретті органдар - Тараптар мемлекеттерінің жеке тұлғалардың келуін және кетуін (шекараны кесіп өту тәртібімен), транзитпен жол жүруін және өз мемлекеттерінің аумағында болуын бақылауды жүзеге асыруға уәкілетті атқарушы билік органдары.

## **2-бап**

Тараптар мемлекеттерінің бірінің аумағында заңды негізде болатын Тараптар мемлекеттерінің азаматтарына, болатын Тарап мемлекетінің заңнамасында белгіленген шектеулерді сақтауы шартымен еркін жүріп-тұруына және тұрғылықты жерін еркін таңдауына кепілдік беріледі.

## **3-бап**

Осы Келісім Тараптар мемлекеттері әрқайсысының өз заңнамасы негізінде Тараптардың басқа мемлекеттерінің жекелеген азаматтарының өз аумағына келуінен бас тарту немесе онда болу мерзімін қысқарту құқықтарын шектемейді.

## **2-тарау. Келу, кету, транзитпен жол жүру және болу**

### **4-бап**

Бір Тарап мемлекеті азаматтарының осы Келісімге қосымшада көрсетілген жарамды құжаттардың бірі бойынша екінші Тарап мемлекетінің аумағына визасыз келуіне, одан кетуіне, транзитпен жол жүруіне және онда болуына құқығы бар.

Егер екі Тарап мемлекеттері қатысушылары болып табылатын екі жақты және/немесе көп жақты халықаралық шарттарда осы Келісімге қосымшада қамтылғандардан өзгеше құжаттардың тізбесі белгіленген жағдайда, осындай екі жақты және/немесе көп жақты халықаралық шарттарда белгіленген құжаттар да азаматтардың осы Тараптар мемлекеттерінің аумағына келуі, одан кетуі, транзитпен жол жүруі және онда болуы үшін жарамды болып табылады.

Егер Тараптар мемлекеттері екі жақты не көп жақты негізде өзге туралы уағдаласпаса, Тараптар мемлекеттерінің кәмелеттік жасқа толмаған азаматтарының сапарлары Тараптар мемлекеттерінің әрқайсысының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

### **5-бап**

Бір Тарап мемлекетінің азаматтары оларда осы екінші Тарап мемлекетінің аумағына келген кезде қойылған құзыретті органның белгісі бар көші-қон картасы болған кезде екінші Тарап мемлекетінің аумағына келген күннен бастап 30 күннің ішінде олардың екінші Тарап мемлекетінің аумағында болу орны бойынша құзыретті органда тіркелуден босатылады.

Егер бір Тарап мемлекетінің заңнамасымен немесе халықаралық шартымен екінші Тарап мемлекетінің азаматтары үшін құзыретті органда 30 күннен астам тіркелмей

болу мерзімі көзделген жағдайда, көп мерзім белгіленетін ережелер қолданылады.

Егер бұл Тараптар мемлекеттерінің екі жақты шарттарында көзделсе, көші-қон картасы талап етілмейді.

#### **6-бап**

Егер екі Тарап мемлекеттері қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, бір Тарап мемлекетінің азаматтары екінші Тарап мемлекетінің аумағына халықаралық (көп жақты) және мемлекетаралық (екі жақты) өткізу пункттері арқылы келеді, кетеді және транзитпен жол жүреді.

Шекара маңы аудандарының тұрғандары болып табылатын бір Тарап мемлекетінің азаматтары екі Тарап мемлекеттері қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес екінші Тарап мемлекетінің шекара маңы аудандарына келеді және шекара маңы аудандарынан кетеді.

#### **7-бап**

Бір Тарап мемлекетінің азаматтары екінші Тарап мемлекетінің аумағында болған уақытында осы екінші Тарап мемлекетінің заңнамасын сақтауға міндетті.

#### **8-бап**

Бір Тарап мемлекетінің осы Келісімге қосымшада көрсетілген құжаттарды екінші Тарап мемлекетінің аумағында жоғалтқан азаматтары бұл туралы осы екінші Тарап мемлекетінің құзыретті органын дереу хабардар етуге міндетті, ол өзіне құжаттардың жоғалуына байланысты өтініш жасалу фактісін жазбаша нысанда растайды.

Осы баптың бірінші абзацында аталған адамдарға олар азаматтары болып табылатын Тарап мемлекетінің дипломатиялық өкілдіктері немесе консулдық мекемелері шетелге шығу үшін немесе осы Тарап мемлекетінің аумағына келу үшін жарамды құжат береді.

### **3-тарау. Қорытынды ережелер**

#### **9-бап**

Тараптар осы Келісімге қол қойылған күннен бастап 30 күннің ішінде дипломатиялық арналар арқылы осы Келісімге қосымшада көрсетілген құжаттардың ү л г і л е р і м е н а л м а с а д ы .

Тараптар жаңа құжаттардың енгізілгені немесе қолданыстағы құжаттарға өзгерістердің енгізілгені туралы бір-бірін хабардар етеді және жаңа немесе өзгертілген құжаттардың үлгілерін олар енгізілгенге дейін кемінде 30 күннен кешіктірмей дипломатиялық арналар арқылы береді.

Тараптар бір-бірін Тараптардың өз мемлекеттерінің заңнамасына екінші Тарап мемлекеті азаматтарының келуіне, кетуіне және болуына қатысты бөлігінде өзгерістер енгізілгендігі туралы қысқа мерзімде дипломатиялық арналар арқылы хабардар етеді.

#### **10-бап**

Егер бұл өзінің ұлттық қауіпсіздігін, қоғамдық тәртіпті немесе халықтың денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету үшін қажет болса, әрбір Тарап осы Келісімнің

қолданылуын оның бір немесе одан да көп қатысушыларына қатысты толық немесе ішінара тоқтата тұруы мүмкін.

Мұндай шешімнің қабылданғаны немесе күшін жойғаны туралы ақпарат дереу, бірақ оның қолданылуы немесе күшін жоюы басталғанға дейін 48 сағаттан кешіктірмей басқа Тараптарға дипломатиялық арналар арқылы хабарланады.

Тараптардың бірінің осы Келісімнің қолданылуын толық немесе ішінара тоқтата тұруы осы Келісімнің ережелеріне сәйкес осы Тарап мемлекетінің аумағына келген басқа Тарап мемлекеттерінің азаматтарына қолданылмайды.

#### **11-бап**

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге және/немесе қолдануға қатысты Тараптардың арасындағы даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасында консультациялар және келіссөздер жүргізу жолымен шешіледі.

Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда Тараптардың кез келгені дауды Біртұтас экономикалық кеңістік шеңберіндегі Дауларды шешу жөніндегі органға шешуге бере алады.

#### **12-бап**

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге хаттамамен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

#### **13-бап**

Кез келген мемлекет осы Келісімнің қатысушысы бола алады.

Осы Келісімге қосылудың шарттары осы Келісімге қатысушы мемлекеттер мен қосылатын мемлекет арасында жасалатын халықаралық шартта белгіленеді.

#### **14-бап**

Осы Келісім Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетшілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны Депозитарий алған күнінен бастап күшіне енеді.

#### **15-бап**

Кез келген Тарап өзінің осы Келісімнен шығу ниеті туралы жазбаша хабарламаны Депозитарийге жолдай отырып, осы Келісімнен шыға алады. Осы Келісім Депозитарий осындай хабарламаны алған күннен бастап 6 ай өткеннен кейін осы Тарап үшін өзінің қолданылуын тоқтатады.

Депозитарий осы баптың бірінші абзацында көрсетілген хабарламаны алған күннен бастап 30 күннен кешіктірмей бұл туралы осы Келісімнің басқа қатысушыларын хабардар етеді.

200\_\_"\_\_"\_\_\_\_\_ қаласында орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды. Келісімнің түпнұсқасы Депозитарийде сақталады. Депозитарийдің функциялары Біртұтас экономикалық кеңістік комиссиясына берілгенге дейін осы

Келісімнің Депозитарийі Қазақстан Республикасы болып табылады.

Депозитарий осы Келісімге қол қойған Тараптардың әрқайсысына оның расталған көшірмесін жібереді.

*Беларусь Республикасының Үкіметі үшін*

*Ресей Федерациясының Үкіметі үшін*

*Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін*

*Украинаның Министрлер Кабинеті үшін*

Біртұтас экономикалық кеңістік құру

туралы келісімге қатысушы

мемлекеттер азаматтарының еркін

жүріп-тұруы туралы келісімге

қосымша

**Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге**

**қатысушы мемлекеттер азаматтарының келуі, кетуі және**

**транзиті үшін жарамды құжаттардың тізбесі**

Беларусь Республикасы:

1. Беларусь Республикасы азаматының паспорты.
2. Беларусь Республикасының қызметтік паспорты.
3. Беларусь Республикасының дипломаттық паспорты
4. Теңізшінің ұлттық жеке куәлігі (кеме рөлінде жазба немесе одан үзінді көшірме болған кезде).
5. Беларусь Республикасына қайта оралуға арналған куәлік (тек Беларусь Республикасына қайта оралу үшін).

Қазақстан Республикасы:

1. Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі.
2. Қазақстан Республикасы азаматының паспорты.
3. Қызметтік паспорт.
4. Дипломаттық паспорт.
5. Теңізшінің паспорты (кеме рөлінде жазба немесе одан үзінді көшірме болған кезде).
6. Қазақстан Республикасына қайта оралуға арналған куәлік (тек Қазақстан Республикасына қайта оралу үшін).

Ресей Федерациясы:

1. Ресей Федерациясы азаматының паспорты.
2. Ресей Федерациясы азаматының Ресей Федерациясынан тысқары жерлерде Ресей Федерациясы азаматының жеке басын куәландыратын паспорты.
3. Қызметтік паспорт.
4. Дипломаттық паспорт.
5. Теңізшінің паспорты (кеме рөлінде жазба немесе одан үзінді көшірме болған

к е з д е ) .

6. Ресей Федерациясына келуге (қайта оралуға) арналған куәлік (тек Ресей Федерациясына келу үшін).

У к р а и н а :

1. Украина азаматының паспорты.
2. Украина азаматының шетелге шығуға арналған паспорты.
3. Баланың жол жүру құжаты.
4. Украинаның қызметтік паспорты.
5. Украинаның дипломаттық паспорты.
6. Теңізшінің жеке куәлігі (кеме рөлінде жазба немесе одан үзінді көшірме болған к е з д е ) .
7. Украинаға қайта оралуға арналған куәлік (тек Украинаға қайта оралу үшін).